



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

30.12.2020 № 490

Ақтөбе қаласы

город Актобе

Аудандардың коммуналдық меншігінен Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне кейбір мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды қабылдау туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, бюджетаралық қатынастар, несие беру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын іске асыру мақсатында, Қарғалы, Темір, Ойыл және Хромтау аудандарының қаулылары негізінде Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес аудан әкімдіктерінің коммуналдық меншігіндегі Қарғалы, Темір, Ойыл және Хромтау аудандарының білім бөлімдері және мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар мүліктік кешендер ретінде заңнамада белгіленген тәртіппен Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне қабылдансын.

2. Қарғалы, Темір, Ойыл және Хромтау аудандарының білім бөлімдері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес қайта аталсын.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар қайта аталсын.

4. Қарғалы, Темір, Ойыл және Хромтау аудандарының білім бөлімдерінің қоса беріліп отырған Ережелері және мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылары (ережелері) бекітілсін.

5. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемелері жоғарыда көрсетілген аудан әкімдіктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченный количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің коммуналды меншік және білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарларын жүктелсін.

7. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының әкімі



О.Оразалин